



**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

*2021ж. 28.08.2021ж. № 2-02/57*  
Павлодар қаласы

город Павлодар

**V республикалық заңды ғылыми-  
тәжірибелік қашықтық  
конференцияны өткізу туралы**

Оқушылардың және студенттердің құқықтық сауаттылығын және ғылыми-зерттеу жұмысына қызығушылығын арттыру мақсатында  
**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Инновациялық Еуразия Университетінің жоғары колледжі базасында 2021 жылғы 17-18 ақпанда мектептердің 6-11 сынып оқушылары мен техникалық және кәсіптік білім беру оқу орындарының студенттері арасында «Қазақстан Республикасының Конституциясы – мемлекет пен қоғамның тұрақты дамуының негізі» V республикалық ғылыми-тәжірибелік қашықтық конференциясы өткізілсін.

2. V республикалық ғылыми-тәжірибелік қашықтық конференцияны өткізу туралы ереже (1-қосымша), ұйымдастыру комитетінің құрамы (2-қосымша) бекітілсін.

3. Техникалық және кәсіптік білім беру бойынша оқу-әдістемелік кабинеті мен Инновациялық Еуразия Университетінің жоғары колледжінің директоры (Ш.А. Таженов) (келісім бойынша) ғылыми-тәжірибелік қашықтық конференция өткізу үшін материалдық-техникалық база дайындауды қамтамасыз етсін.

4. Облыстың жалпы білім беретін мектептері (келісім бойынша), техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының басшылары оқушылар мен студенттердің республикалық конференцияға қатысуын ұйымдастырсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім беру басқармасы басшының орынбасары Г.К. Башироваға жүктелсін.

Басқарма басшысы



Д. Болатханұлы

Бұйрықпен таныстым \_\_\_\_\_

(қолы, күні)

**О проведении V республиканской  
юридической научно-практической  
дистанционной конференции**

В целях повышения правовой грамотности и повышения интереса учащихся и студентов к научно-исследовательской работе **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Провести V республиканскую юридическую научно-практическую дистанционную конференцию «Конституция республики Казахстан - основа устойчивого развития государства и общества» среди учащихся 6-11 классов школ и студентов организаций технического и профессионального образования 17-18 февраля 2021 года на базе Высшего колледжа Инновационного Евразийского Университета.

2. Утвердить положение о V республиканской юридической научно-практической дистанционной конференции (приложение 1), состав организационного комитета (приложение 2).

3. Учебно-методическому кабинету по техническому и профессиональному образованию управления образования и директору Высшего колледжа Инновационного Евразийского Университета (Таженову Ш.А.) (по согласованию) обеспечить подготовку материально-технической базы для проведения научно-практической дистанционной конференции.

4. Руководителям общеобразовательных школ области (по согласованию) и организаций технического и профессионального образования организовать участие учащихся и студентов в республиканской конференции.

5. Контроль за выполнением настоящего приказа возложить на заместителя руководителя управления образования Г.К. Баширову.

Руководитель управления

Д. Болатханұлы

Ознакомлен с приказом \_\_\_\_\_

(дата, подпись)



**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ –  
МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗІ»  
V Республикалық заңды ғылыми-тәжірибелік қашықтық  
конференцияны өткізу туралы  
ЕРЕЖЕ**

**I. Жалпы ереже**

**1.1** Осы Ереже «Қазақстан Республикасының Конституциясы – мемлекет пен қоғамның тұрақты дамуының негізі» атты мектеп оқушылары (6-11 сыныптар) мен колледж студенттері арасында V Республикалық заңды ғылыми-практикалық конференциясын ұйымдастыру және өткізу тәртібін анықтайды.

**1.2** Колледж студенттер мен оқушылар арасындағы (6-11 сыныптар) республикалық заңды ғылыми-практикалық конференциясы ғылыми-әдістемелік, шығармашылық жұмыстарын дамыту, үздік жұмыстарды оқу процесіне тиімді енгізу, оқушылар арасында тәжірибесімен алмасу, студенттерді қоғамның ғылыми-техникалық дамуындағы міндеттерін шешуге тарту мақсатында өткізіледі

**1.3** «Қазақстан Республикасының Конституциясы – мемлекет пен қоғамның тұрақты дамуының негізі» атты мектеп оқушылары (6-11 сыныптар) мен колледж студенттерінің Республикалық заңды ғылыми-практикалық конференциясы – білім алушылардың ғылымның, техниканың, өнердің әртүрлі салаларындағы шығармашылық, зерттеу міндеттерін шешумен байланысты ғылыми – зерттеу қызметінің негізгі нысандарының бірі.

**II. Конференцияны өткізу мақсаттары мен міндеттері**

**2.1** Конференцияны өткізу келесі мақсаттарды көздейді:

2.1.1 Оқытудың негізгі бөлігі ретінде оқушылар мен студенттердің ғылыми – зерттеу жұмыстарына қызығушылығын арттыру;

**2.2** Міндеттері:

2.2.1 Білім алушылардың шығармашылық ойын дамыту, өзіндік жұмысқа дағдысы мен икемін қалыптастыру.

2.2.2 Білім алушыларды зерттеу, эксперименттік-іздігіру қызметіне тарту, ғылыми-практикалық шығармашылықты, теориялық білімді және

оқушылар мен студенттердің қажетті кәсіби дағдыларын кеңейту және тереңдету

2.2.3 Шығармашылықпен жұмыс істейтін оқытушылардың тәжірибесін насихаттау, зерттеу жұмыстарының деректер банкіні қалыптастыру.

2.2.4 Білім алушылардың ғылыми жұмыстарының жетекшілері ретінде оқытушылар құрамының ғылыми-шығармашылық белсенділігін арттыру.

2.3 Конференция оқу үрдісінің құрамдас бөлігі болып табылады:

2.3.1 Ғылыми-зерттеу жұмысы және конференцияда сөз сөйлеу үшін баяндамаларды дайындау пәндік-циклдік комиссияларда (ПЦК) ұйымдастырылады

2.3.2 Оқушылар мен студенттердің конференцияға қатысу нәтижелері ПЦК – ның жыл сайынғы есептерінде және оқу орнының ғылыми-зерттеу қызметі бойынша жыл сайынғы есебінде көрсетіледі.

### III. Конференция жұмысының бағыттары

Конференция бағдарламасында пленарлық және секция жұмысының отырыстары жоспарланды.

Секция тақырыптары:

№	Бағыттары	Жауаптылар	Электронды мекенжайы	Байланыс телефоны
1	Азаматтық құқық, отбасылық құқық, азаматтық іс жүргізу секциясы	Кашкенова Айгуль Мирашовна	<a href="mailto:Pravo1-20@mail.ru">Pravo1-20@mail.ru</a>	87777622804
2	Қылмыстық құқық пен криминология, қылмыстық атқару құқығы, қылмыстық іс жүргізу секциясы	Мырзагожина Гульдана Талгатбековна	<a href="mailto:Pravo2-20@mail.ru">Pravo2-20@mail.ru</a>	87015244565
3	Мемлекеттік-құқықтық секциясы (Мемлекет пен құқық теориясының негіздері, конституциялық құқық, адам және қоғам)	Жунусбеков Серик Амангельдинович	<a href="mailto:Pravo3-20@mail.ru">Pravo3-20@mail.ru</a>	87081459201
4	Әлеуметтік-гуманитарлық секциясы (философия, тарих, қоғамтану, саясаттану, әлеуметтану, мәдениеттану, лингвистика, психология)	Ахметова Айғаным Жанболатовна	<a href="mailto:Pravo4-20@mail.ru">Pravo4-20@mail.ru</a>	87474727727
5	Әлеуметтік-экономикалық секциясы (қаржылық, салықтық құқық, кәсіпкерлік негіздері, экономика, менеджмент, маркетинг)	Канафина Айнаш Нарыновна	<a href="mailto:Pravo5-20@mail.ru">Pravo5-20@mail.ru</a>	87016067419



## IV. Конференцияны дайындау және өткізу тәртібі

4.1 Конференцияны дайындауды және өткізуді ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады. Ұйымдастыру комитетінің құрамына әкімшілік өкілдері, циклдік-әдістемелік комиссия төрағалары, ИнЕУ колледжі мен университетінің білікті оқытушылары, әлеуметтік серіктестер кіреді. Ұйымдастыру комитетінің құрамы колледж бойынша бұйрықпен бекітіледі.

4.2 Ұйымдастыру комитеті конференцияны өткізу күнін, тәртібін және жұмыс регламентін айқындайды.

4.3 Жұмысты қорытындылау үшін ұйымдастыру комитеті қазылар алқасын құрады. Қазылар алқасының құрамы ИнЕУ жоғары колледжінің әлеуметтік серіктестерінің өкілдерінен, ИнЕУ профессорлық-оқытушылық құрамынан, Қазақстан өңірлеріндегі университеттер мен колледждердің профессорлық-оқытушылық құрамынан құралады. Қазылар алқасы үздік баяндамашыларды іріктейді, оларды марапаттауға ұсынады, баяндамалар мен хабарламаларды жариялау үшін ұсыныстар береді.

## V. Конференцияны өткізу жоспары:

**Өткізу күні: 2021 жылғы 17 ақпан** (Азаматтық құқық секциясы, отбасылық құқық, азаматтық іс жүргізу, Қылмыстық құқық және криминология секциясы, қылмыстық атқару құқығы, қылмыстық іс жүргізу, әлеуметтік-экономикалық секциясы (қаржы, салық құқығы, кәсіпкерлік негіздері, менеджмент, маркетинг)

**Өткізу күні: 2021 жылғы 18 ақпан** (әлеуметтік-гуманитарлық секция (философия, тарих, қоғамтану, саясаттану, әлеуметтік зерттеулер, әлеуметтану, мәдениеттану, лингвистика, психология), Мемлекеттік-құқықтық секциясы (Мемлекет пен құқық теориясының негіздері, конституциялық құқық, адам және қоғам)

10.00-11.00 – пленарлық отырыс

11.30-15.00 – секция жұмысы

17.00-18.00 – қарар қабылдау, конференцияның жабылуы

## VI. Конференцияға қатысу шарттары

Конференция on-line режимінде 2021 жылғы 17-18 ақпанда өтеді. Қатысушыларды тіркеу 2021 жылғы 5 қаңтардан 12 ақпанға дейін Инновациялық Еуразия Университетінің жоғары колледжінің сайтында (URL: <http://conference.ineu.kz/ru>) жүргізілетіндігіне назар аударамыз. Конференцияның ұйымдастыру комитеті.

Конференцияға қатысу үшін сайтта өтінім толтырып, баяндамалар мәтінімен бірге жіберу қажет.



*Конференцияға қатысушылардың баяндамалары плагиатқа қарсы жүйе арқылы тексеріледі. Жұмыстың бірегейлігі 50% немесе одан да көп болуы керек.*

Қазақстанның барлық өңірлері мен Павлодар қаласының қатысушылары үшін ZOOM платформасы арқылы он-лайн сөз сөйлеу, сырттай сөйлеу көзделеді (бұл туралы конференцияға қатысу өтінімінде көрсету қажет).

Конференцияға қатысуға өтінім берудің соңғы мерзімі 2021 жылдың 12 ақпанынан кешіктірілмейді.

Презентациялардың мәтіндері жоғарыда көрсетілген мекенжайға 2021 жылдың 12 ақпанына дейін жіберілуі керек.

Өз жұмысын көрсету үшін қатысушыға 5-7 минут беріледі.

Жарыссөз 2 минутқа дейін.

Баяндамалардың толық мәтіндері конференция материалдарының электрондық жинағына (ISBM кодын бере отырып) кіреді, олар колледж сайтында орналастырылады: [vc.ineu.kz](http://vc.ineu.kz)

Конференцияға қатысу – тегін.

## **VII. Баяндаманы ресімдеуге қойылатын талаптар**

Баяндама көлемі – 5 парақтан аспауы керек. Мәтін мен кестені Times New Roman 14 қарпімен Microsoft Office Word редакторында жазу керек, азат жол аралығы - 1,25 см, жолдар аралығы - 1,5. Жиіектері: сол жағы – 30мм, оң жағы, жоғарыдан, төменнен – 20 мм. Кестелерге атаулары жазылған, бос кесте болмауы керек. Шартты қысқартулар мен таңбалар ескертуде түсіндірілуі қажет.

Фотосуреттер, суреттер, кестелер, сызбалар, диаграммалар мәтін мазмұнын ашуға жұмсалуды керек. Суреттер мен фотосуреттерді 300 dpi кем емес рұқсат етілген JPG немесе BMP пішімінде ұсыну қажет. Диаграммалар Excel пішімінде беріледі. Материалдарды doc файлында ұсыну керек.

Басында басылымның (баяндаманың) атауы, келесі жолда – авторлардың тегі мен аты, ұйымның (оқу орнының) толық атауы көрсетіледі. Бір бос жолдан кейін азат жолдан бастап баяндама мәтіні жазылады.

Мақаланың соңында, бір жолдан кейін «Библиографиялық тізім» басылады және тағы бір жолдан соң әдебиеттер тізімі басылады. Әдебиеттер тізімінде кітаптар немесе мақалалардың толық атауы мен басылым көздерінің сандық сипаттамасы (кітаптарда – бетінің жалпы саны, мақалалар мен тарауларда – белгіленген беттер) беріледі. Мәтін сілтемелеріндегі басылым көзінің реттік нөмірі тік жақшамен беріледі.

## МЕДИАЦИЯНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ САНАДАҒЫ РӨЛІ

*А.Б. Еликбаев, Инновациялық Евразия Университетінің Жоғары  
Колледжі, П-110 тобы*

*Ғылыми жетекші- Н.Ж. Олжабаев, магистр, оқытушы*

Баяндама мәтіні (символ мөлшері - 14 pt) (Баяндама көлемі – А4  
форматтағы толық бес беттен артық емес)

### БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ТІЗІМ

Баяндамаға презентацияларды (MS PowerPoint 1997-2003 форматы) **2021 жылғы 12 ақпанға** дейін секциялардың жауапты хатшыларына электрондық пошта арқылы ұсыну қажет.

Ұйымдастырушылар электрондық поштамен авторларға материалды алғаны туралы, ал 2 күн өткеннен кейін – қабылдағаны немесе қабылдамағаны туралы хабарлайды.

### VIII. Жұмыстарды бағалау

Жұмыстарды бағалауды қазылар алқасы бағалау критерийлеріне сәйкес жүргізеді:

**Студенттердің сөйлеген сөздерін бағалау критерийлері:**

1. Баяндама тақырыбының өзектілігі.
2. Материалды ұсынудың қисындылығы мен мазмұндылығы.
3. Пайымдаулар мен тұжырымдардың дәлелділігі, ғылыми дәрежелігі
4. Материалды ұсынудың көрнекілігі
5. Шешендік өнер және материалды баяндау сауаттылығы
6. АКТ пайдалану, слайдтарды безендіру

### IX. Конференция қорытындысы.

**9.1** Қорытынды конференцияның соңғы күнінде және білім деңгейі бойынша шығарылады (мектеп оқушылары мен колледж студенттері)

**9.2** Конференцияның барлық қатысушыларына және ғылыми жетекшілерге қатысушы сертификаттары беріледі



9.3 Жеңімпаздар I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады. 10 және одан да көп қатысушы ұсынған оқу орындарының басшылары Құрмет грамоталарымен марапатталады.

9.4 Дипломанттардың ғылыми жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады.

## **X. Жалпы сұрақтар**

Қатысушылар үшін конференцияға сырттай қатысып, ғылыми-практикалық конференцияның баяндамалар жинағында басып шығаруға материалдар ұсынуы мүмкін.

**Барлық сұрақтар бойынша конференцияның ұйымдастыру комитетіне хабарласуға болады: үйлестіруші-модератор: заң пәндерінің әдістемелік-циклдік комиссияның төрайымы Маусымбекова Алия Жорабековна email: [vkineu-2020@inbox.ru](mailto:vkineu-2020@inbox.ru) 87754163588**



Білім беру басқармасының  
2021 ж. «\_\_»\_\_ № \_\_\_\_ бұйрығына  
2-қосымша

V Республикалық заңды ғылыми-практикалық конференциясының  
ұйымдастыру комитетінің құрамы

1.	Алма Ермековна Айтуарова	Білім беру басқармасы техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің басшысы
2.	Айнур Жумабаевна Иманшарипова	Білім беру басқармасы ТЖКБ бойынша оқу- әдістемелік кабинетінің меңгерушісі
3.	Гульнар Алтаевна Баймуханова	Білім беру басқармасы ТЖКБ бойынша оқу- әдістемелік кабинетінің әдіскері
4.	Жумадилова Гульмира Амангельдыевна	Білім беру басқармасы ТЖКБ бойынша оқу- әдістемелік кабинетінің әдіскері
5.	Жакупова Сауле Толеубаевна	Білім беру басқармасы ТЖКБ бойынша оқу- әдістемелік кабинетінің әдіскері
6.	Таженов Шалкарбай Амиржанович	«Инновациялық Еуразия Университетінің жоғары колледжі» ЖШС директоры
7.	Ташекенова Армангуль Умаровна	«Инновациялық Еуразия Университетінің жоғары колледжі» ЖШС директорының оқу- әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары
8.	Кармишина Лидия Васильевна	«Инновациялық Еуразия Университетінің жоғары колледжі» ЖШС директорының инновациялық қызмет жұмысы жөніндегі орынбасары
9.	Маусымбекова Алия Жорабековна	заң пәндерінің әдістемелік-циклдік комиссияның төрайымы